

**Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының аумағында 05-079-041 есептік кварталында (Митрофановка ауылының оңтүстігіне қарай 7,9 км) сұралып отырған жер учаскесінің тұстамасындағы Қарасу өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 25 тамыздағы № 300 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 11 қыркүйекте № 7519 болып тіркелді

### **З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануын мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

#### **1. Мыналар:**

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының аумағында 05-079-041 есептік кварталында (Митрофановка ауылының оңтүстігіне қарай 7,9 км) сұралып отырған жер учаскесінің тұстамасындағы Қарасу өзенінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының аумағында 05-079-041 есептік кварталында (Митрофановка ауылының оңтүстігіне қарай 7,9 км) сұралып отырған жер учаскесінің тұстамасындағы Қарасу өзенінің су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Ұлан ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Д. Ахметов

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Экология, геология және табиғи ресурстар  
министрлігі Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу  
және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік  
инспекциясының басшысының міндетін атқарушы

М.

И м а н ж а н о в

-----  
2020 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Шығыс Қазақстан  
облысы әкімдігінің  
2020 жылғы 25 тамызы № 300  
қаулысына қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының аумағында 05-079-041 есептік кварталында (Митрофановка ауылының оңтүстігіне қарай 7,9 км) сұралып отырған жер учаскесінің тұстамасындағы Қарасу өзенінің су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі**

Су объектісі, оның учаскесі	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м
1	2	3	4	5	6	7
Қарасу өзені, оң жақ жағалау	1,3481	68,9	500	1,4507	5,2	35

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК